ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 19 желтоқсан №7199-24-2-1/15599 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Қ.Қанбаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі- Кәсіпорын, сатып алушы)

ЖАУАПКЕР:
«ЕРІК» жеке кәсіпкері Сағынбаев Ерік Амангелдыұлы (бұдан әрі- ЖК, тауар беруші)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның шеңберінде баға ұсыныстарын ұсыну тәсілімен 2024 жылғы 15 қазанда тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-02-08-858 шарты (әрі қарай – Заң, шарт) бойынша, ЖК шартқа қол қойылған күннен 16 күнтізбесі ішінде, яғни осы жылғы 31 қазанға дейін, №1,2 қосымшаларда сипаттамалары нақты көрсетілген электр сорғы агрегатын тапсырыс берушінің Астана қаласындағы ғимаратына жеткізуге, ал Кәсіпорын – тауарды қабылдауға және 319 000 теңге мөлшеріндегі оның құнын төлеуге міндеттенді (жоспарланған сатып алу құны – 346 450 теңге).

Шарттың нысаны мен мазмұны Азаматтық кодекстің (әрі қарай –АК) 378, 382, 384, 385, 386, 393, 394-баптарының талаптарына сәйкес келеді және ешкім дау айтпаған, өзгеріс енгізілмеген.

Шартқа сәйкес тараптар арасында АК-ның 406 және 458-баптарына сай сатып алудың тауар жеткізілімі құқықтық қатынастары пайда болған, ол бойынша тауар беруші сипаттамалары шартта көрсетілген тауарды

мерзімінде жеткізуге, ал сатып алушы - оны қабылдауға және ақы төлеуге міндеттенген.

ЖК-ны мемлекеттік сатып алудың жошықсыз қатысушысы деп тану және 10 208 теңге мөлшеріндегі өсімпұлды өндіру талабымен сотқа жүгіне отырып, Кәсіпорын жауапкердің тауарды жеткізбегеніне, сол себепті шартты біржақты 11 қарашада бұзғаны, хабарламаның 2024 жылғы 02 желтоқсанда күшіне енгеніне, ал оған жауапкердің шағымданбағанына сілтеме жасайды.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 267-1-бабының 6-бөлігінің талаптарын 2024 жылғы 06 желтоқсанда орындауы кезінде Кәсіпорын өкілі өз уәждерін толығымен қуаттады, тауардың қандай-да бөлігінде осы уақытқа дейін жеткізілмегеніне және жауапкердің тауарды жеткізу мерзімін бұзу фактісінің орын алғанын, міндетті орындау қажеттігі туралы талаптарды жауапсыз және орындаусыз қалдырғанына сілтеме жасады. ЖК талаптың негізділігін жоққа шығармады, шартта көрсетілген тауардың өзінде бар және оны тапсырыс берушіге жеткізу мүмкіндігі бар екені мәлімдемесін тиісті құжаттармен растамады.

Іс дәлелдерін бағалау кезінде, сот ЖК-ның міндеттемелерін орындамағанын және бұзуына оның кінәсімен жол берілгенін, одан тапсырыс берушіге елеулі нұсқан келгенін, ал талап қоюшы тарапынан ЖК-ның міндеттемесін іске асыруына қандай да бір кедергі жасамағанын ескереді.

Жоғарыда көрсетілгендей, тауарды сатып алу хабарландыруда және шартта сатып алатын тауардың сапалық сипаттамалары, оны мерзімінде орындау міндеттемелері нақты көрсетілген. Азаматтық кодекстің 10-бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, тәуекел үшін және мүліктік жауапкершілік үшін жүзеге асырылады. Сондықтан, Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес, тауарды белгілі бір мақсаттарда пайдалану үшін жеткізу туралы ұсынысты қабылдай отырып, осыған байланысты оны сатып алу жүргізіледі, жауапкер аталған материалдық құқық нормаларына байланысты және Азаматтық кодекстің 272, 273-баптарына сәйкес, шартта көрсетілген тауарды талапқа сай және мезгілінде жеткізуге міндетті.

Тауар уақытында және одан кейін де жеткізілмеген, сатып алушының 5 және 11 қарашадағы ескертпелері жауапсыз және орындаусыз қалған.

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 19.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Жетибаев Ж. К., 29.01.2025

7119-24-3-1/15240

Істі қарау кезінде жауапкер Азаматтық процестік кодекстің 63-65 және 67 баптарына сәйкес Мекемеге тауарды жеткізгенін, оны сатып алушының негізсіз қабылдамағанын немесе жеткізу ниетіне талап қоюшы тарапынан кедергі келгені туралы қандай да дәлелдемелер, оны ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хат алмасуларын келтірмеді.

Шарттың 5.3) тармақшасына сәйкес, тауар беруші тауарды сатып алушыға техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық берген жағдайда ғана жеткізілген боп есептеледі, ал бұл АК-нің 272, 463, 464 және Заңның 43 баптарында да көрсетілген.

ЖК-нің міндеттерін бұзуына байланысты, Кәсіпорынның одан шарттың 7.3 тармағында көрсетілген жеткізбеген тауардың құнынан 0,1% өсімпұлды атқару мерзімі біткеннен кейін 2024 жылғы 01 қарашадан 02 желтоқсанға дейінгі өндіру талабы АК-ның 293 және 298 баптарына сай келеді.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды ескеріп, Заңды және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» қаулысын негізге ала отырып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Академик Н.Ж.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талаптары қанағаттандырылсын.

«ЕРІК» жеке кәсіпкері Сағынбаев Ерік Амангелдыұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және талап қоюшының пайдасына жауапкерден 10 208 (он мың екі жүз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, 306 (үш жүз алты) теңге мемлекеттік баж, ал мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 19.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Жетибаев Ж. К., 29.01.2025
7119-24-3-1/15240

қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Қанбаев**

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 19.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Жетибаев Ж. К., 29.01.2025

7119-24-3-1/15240